

**«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» ЖШС
2023-2024 оқу жылындағы Ғылыми Кеңес отырысының
№4 хаттамасынан**

КӨШІРМЕ

Шымкент қаласы

Сағат 15:00

Қатысқандар – Ғылыми кеңес мүшелері.

27 қазан, 2023 жыл

Ғылыми кеңес залы

Күн тәртібінде:

4.Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» конкурсына Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну туралы

Төраға: Бүгінгі Ғылыми кеңес мәжілісінің күн тәртібіндегі өзекті мәселе - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» конкурсына Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну. Бірнеше үміткерлерден өтініш түсті. Конкурсқа ұсынылған құжаттарды Сараптамалық топ комиссиясы қарастырып, комиссия шешімімен «Өнер және саз» кафедрасының философия докторы (PhD) Қонақбаева Ұлжамал Жандаралиевнаның кандидатурасы өтіп отыр. Үміткердің өмірбаяны, еңбек жолымен Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі проректор Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы таныстырып өтсін.

Шолпан Жақсылыққызы: Ұ.Ж.Қонақбаеваның жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 28 жыл. Ұлжамал Жандаралиевна 1974 жылы дүниеге келген. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ 1995 жылы бітірген. 2013 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ 6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша докторантураны аяқтады. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.А.Жолдасбекованың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 2013 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-да докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

130-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көрді. 25-тен астам оқулықтардың авторы. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі басып шығаруға ұсынған 1 оқулық пен 7 оқу-әдістемелік кешені, 4 электронды оқулық және виртуалды зертханалық жұмыс және 4 авторлық куәлігі бар. Ұлжамал Жандаралиевнаның 100-ден астам мақаласы жарық көрді: 25 мақаласы ҚКСОН ұсынған ғылыми басылымдарда және 7 мақаласы Scopus журналдарында, қалғандары шетелдік конференциялар мен халықаралық конференцияларда. Білім және ғылым министрі бекіткен 2 типтік бағдарламаның авторы.

Үміткердің іргелі ғылыми дайындығы бар, қазіргі заманғы эксперименттік әдістерді меңгерген, заманауи ақпараттық технологияларды, оның ішінде ғылыми ақпаратты алу, өңдеу және сақтау әдістері: қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдап, шешу, ұйымдастыру мен жүргізу. Шетел тілін білу деңгейі - жоғары. 20-дан астам біліктілікті арттыру сертификаттары бар.

Түркиядағы Акдениз университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. 2021 жылы «Protecta» инновациялық білім беру орталығында өндірістік тәжірибеден өтті. Қазақстан Республикасында жоғары білікті кадрлар даярлауға және жоғары білім беруді дамытуға зор үлес қосып келеді, 2016 жылы «Құрмет» қоғамдық бірлестігінің «Білім беру үздігі» медалінің және елеулі ерен еңбегі үшін «Ы.Алтынсарин» (2019) тосбелгісінің иегері.

«Техникалық және кәсіптік білім беру педагогикасы» (бакалавр), «Көркем жұмыс және дизайн» (бакалавр), «Кәсіптік білім беру педагогикасы» (магистратура) үш білім беру бағдарламасының жетекшісі. Осы білім беру бағдарламаларының студенттері Ұлжамал Жандаралиевнаның жетекшілігімен республикалық олимпиадалар мен республикалық байқауларға қатысып, жыл сайын жүлделі орындарға ие болып жүр. 6B012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша 12 магистрантқа жетекшілік етті.

6D012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі.

Төраға: Рахмет, сұрақ, ұсыныс-пікірлеріңіз бар ма? Жоқ болса, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» конкурсына қатысу үшін «Өнер және саз» кафедрасының философия докторы (PhD) Қонақбаева Ұлжамал Жандаралиевнаның кандидатурасын дауысқа салайық. Қарсы, қалыс – жоқ, бірауыздан.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2023» атағын беру конкурсына «Өнер және саз» кафедрасының философия докторы (PhD) Қонақбаева Ұлжамал Жандаралиевнаның кандидатурасы ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғылым хатшы



Қ. Байболов

Л. Абепова